


A red theater curtain with gold decorative patterns and a central emblem. The emblem features a stylized figure with outstretched arms, possibly representing a deity or a personification of art. The curtain has a fringe at the bottom and a pattern of small gold diamonds on the left and right sides.

# Мәдениет әлеуметтануы

Кудайбергенов Сергазы Ережепулы

The background is an abstract composition of various geometric and organic shapes in shades of yellow, orange, red, purple, and blue. The shapes are layered and overlapping, creating a sense of depth and movement. Some shapes resemble stylized human figures or architectural elements. The overall style is reminiscent of mid-20th-century abstract art.

Мәдениет (латын. Cultura - өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді. Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат».

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Мәдәниет негізінде сәкі үлкен түрде болады:  
Материалдық және рухани .

1. Материалдық - бұл өндірістегі құрал-саймаңдар.  
техника, құрылымдар, т.б.;

2. Рухани - бұл ғылым, өнер, әдебиет, т.б.

Мәдениеттің бұлай болінуі белгілі бір шартқа (жағдайға) байланысты. Дегенмен, олардың арасында тығыз байланыс, қатынастар бар. Осылардың нәтижесінде олар бір-біріне әсер етеді. Мысалы, адам ойындағы кейбір ғылыми-техникалық жобалар, тұжырымдар нақтылы өмірде жаңа техника, саймандар, басқа да құрал-жабдық түріне айналады, ал, жаңадан пайда болған техника, құрылымы, технология, т.б. жаңа ой-пікірлер, тұжырым, теория жасауға мүмкіндік туғызады.



Қазіргі уақытта мәдениеттің 300-ден астам анықтамалары бар. Оның негізгі мынаңдай үш анықтамасына тоқталайық.

1. Мәдениет — адам құндылықтарының жиынтығы. Қысқаша айтқанда, мәдениет адамдардың іс-әрекет, қимылдарының, еңбегінің, іс-қызмет, жұмысының, тәжірибесінің негізінде жинақталған және қоғамның ілгері дамуына әсер ететін, адамдардың жоғары адамгершілік қасиеттерінің, ғылымның, білімнің, тәрбиенің, әдет-ғұрып, т.б. мұраттардың жиынтығы.

2. Адамдардың шығармашылық іс-қызметінің тәсілі. Қоғамдағы әрекеттер барысында әр түрлі кертартпалық қате түсініктерге, теріс ұғымдарға, ережелерге, ұсыныстарға, жоқ нәрсеге сенуге, әдепсіздікке, формализмге қарсы күресті жоққа шығаруды айтады.

3. К.Маркс айтқандай, мәдениет адамның мәнді, маңызды күш -қуатын, яғни оның мақсатын, талап-тілегін, қабілетін іске асырып орындауды, оның өзін-өзі қалыптастыру және жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп. күнделікті өмірде қолдануды білдірмек.














Мәдени әлеуметтану қоғамдағы алуан түрлі әлеуметтік-демографиялық топтардың, бірліктсрдің мәдениетке қатынасын, олардың мәдениетке қандай талғамы барын, талап-тілек қоятынын , мәдени ошақтардың тек ондіріс жағдайында ғана емес, жалпы мәдениетке тартылуы, қосылуы, араласуы қандай, бұл іс-жұмыстарда театр, кино, музей, кітапханалар, стадиондардаң, т.б. жұмыс дәрежелері қалай, олар не істеп жүр, адамдардың, олардың алуан топгарының талап-тілектерін қанағаттандыра ала ма немесе қанағаттандыра алмай ма, т.б. міне осы тәрізді мәселелерді қамтиды.

Мысалы, қазіргі уақытта театрларға көптеген адам бармайды, өйткені қойылымдар адамдарды тартпайды. Бұған Қоса театр басқармалары ұйымдастыру жұмысын дұрыс жолға қоя алмаған. Театр туралы айтылған осы пікіріміз кітапханаға да, дене шынықтыру мекемелеріне де (әсіресе, стадион) қатысты.





Назарларыңызға рахмет!!!